



Қазақстан Республикасы ТЖМ Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы

www.agz.edu.kz

2023 ҚАБЫЛДАУ

Азаматтарды күндізгі оқу түріне
қабылдау 4 кезеңнен тұрады

ОҚУҒА ТҮСУ ШАРТТАРЫ

Академияға күндізгі оқу түрі бойынша оқуға:

- Қазақстан Республикасының азаматтары (ер балалар мен қыз балалар);
- орта білімі бар;
- он алты жасқа толған;
- денсаулығы бойынша әскери қызметке және оқуға жарамды азаматтар қабылданады.

Академияға қабылдау медициналық, дене шынықтыру және психофизиологиялық көрсеткіштері бойынша іріктеу қорытындыларын ескере отырып, ҰБТ қорытындылары бойынша сертификат балдарына сәйкес конкурс бойынша жүргізіледі



1. Қабылдау комиссиясы үміткерлердің жеке істерімен танысады;



2. Медициналық және психофизиологиялық көрсеткіштері бойынша оқуға түсуге денсаулығының жарамдылығын анықтау мақсатында іріктеу жүргізіледі;



3. Үміткерлер бекітілген Нормативтерге сәйкес дене шынықтыру дайындығы бойынша сынақтар тапсырады;



4. Қабылдау комиссиясы конкурстық іріктеу жүргізеді және Академия курсанттары қатарына қабылдайды, сонымен қатар шет елдердің бейінді оқу орындарына іріктеу жасайды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТЖМ МӘЛІК ҒАБДУЛЛИН АТЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ АКАДЕМИЯСЫНА ОҚУҒА ТҮСУГЕ ҮМІТКЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ДАЯРЛЫҒЫ БОЙЫНША НОРМАТИВТЕР

№	Норматив атауы	Баға					
		үздік		жақсы		қанағаттанарлық	
		ер балалар үшін	қыздар үшін	ер балалар үшін	қыздар үшін	ер балалар үшін	қыздар үшін
1.	100 метрге жүгіру (секундтар)	14.0	16.0	14.5	16.5	15.0	17.0
2.	1000 метрге жүгіру (минуттар/секундтар)	3.40	4.40	3.50	5.00	4.00	5.20
3.	Тартылу (тартылу саны)	11	-	9	-	7	-
4.	1 минут ішінде шалқадан жатып кеудені көтеру (көтеру саны)	-	35	-	30	-	25



МАМАНДЫҚТЫ ДҰРЫС ТАҢДАУ - БОЛАШАҚТАҒЫ ЖЕТІСТІКТІҢ КЕПШІ!

ҰБТ тапсыру үшін пәндер тізімі



1. Математикалық сауаттылық
2. Оқу сауаттылығы
3. Қазақстан тарихы
бейінді пәндер
4. Математика
5. Физика

Білім беру бағдарламалары

- 6B12302 - Өрт қауіпсіздігі
- 6B12302 - Төтенше жағдайларда қорғау
- 6B12304 - Өрт сөндіру және авариялық-құтқару ісі
- 6B12191 - Азаматтық қорғаныс күштерінің командалық тактикалық

ҚАБЫЛДАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ЖОБАЛАНҒАН ЖҰМЫС УАҚЫТЫ

қаңтардан мамыр айлары аралығында - Қазақстан Республикасы ТЖМ облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалалары Төтенше жағдайлар департаменттері және әскери бөлімдері үміткерлерден құжаттар қабылдайды (үміткерлердің қызметке жарамдылығын анықтау үшін әскери-дәрігерлік комиссияларда медициналық және психофизиологиялық куәландырудан, оның ішінде полиграфологиялық зерттеуден, сондай-ақ міндетті арнайы тексеруден өтеді);

30 маусым - Академияға оқуға ҰБТ сертификаттарымен үміткерлердің келуі;

1-13 шілде - әскери-дәрігерлік комиссиядан өту ;

7-15 шілде - дене шынықтыру дайындығы бойынша сынақтар тапсыру;

16-17 шілде - күндізгі оқу факультетіне қабылдау.

АКАДЕМИЯҒА ОҚУҒА ТҮСУ ШАРТТАРЫ



Курсанттар республикалық бюджет есебінен оқытылады.

Курсанттар барлық оқу кезеңіне киім-кешекпен, тамақтану және мемлекеттік шәкіртақымен қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар каникулаларлық демалыс кезіндегі жол ақысы төленеді.

Оқу мерзімі - 4 жыл. Ер балалар 1 курстан 3 курсқа дейін Академия жатақханасында, 4 курста өз есебінен жатақханадан тыс жерде Көкшетау қаласында тұрады, ал қыз балалар барлық 4 курс өз есебінен жатақханадан тыс жерде Көкшетау қаласында тұрады.

Білім алу уақыты әскери қызметті өтеу уақытына теңеледі.

Академияға түсуге ынта білдірген тұлғалар, тұрғылықты мекен-жайы бойынша аумақтық Төтенше жағдайлар департаменттерінің кадр саясаты бөлімдеріне өтініш береді.



АКАДЕМИЯНЫҢ МЕКЕН-ЖАЙЫ

020000, Ақмола облысы, Көкшетау қ., Ақан сері көшесі, 136

Тел.: (87162) 25-13-36, қабылдау бөлімі: 25-52-49,

кадр саясаты бөлімі: 25-04-01.